

## ШЕТ ӨҢІРІНДЕ КӘМПЕСКЕ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

**Аршабеков Т.Т** - Қарағанды облыстық ғылыми техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы

**Касенов А.** - өлкетанушы, аудармашы.

Орталық биліктің мақұлдауымен Қазақ АКСР ОАК-і 1928 жылы 27 тамызда ірі байлардың шаруашылықтарын Кәмпескелеу туралы заң қабылдады. Бұл заң сол жылдың қыркүйек және қараша айларында зорлық-зомбылықпен жүзеге асырылды. Қазақстан үкіметінің ресми дерегі бойынша, осы науқан барысында 696 шаруашылық тәркіленген. Шын мәнінде, кәмпескеленген шаруашылықтар сандары мыңнан асып кетті. Кәмпескелеу туралы заңға сәйкес көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400, жартылай көшпелі аудандарда 300 және отырықшы аудандарда 150 бас малдары барлар кәмпескеленулері керек еді. Алайда ауқатты шаруалардың көпшілігінде мұндай көлемде мал басының болмауына байланысты бірнеше туыстас қожалықтар бір шаруашылық ретінде күшпен біріктіріліп тәркіленді. Кәмпескелеу барысында байлардан тартып алынған 145 мың бас мал (ірі қараға шаққанда) жарлы-жақыбайлар шаруашылықтарын материалдық тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да көтеруге қолдау көрсете алмады. Керісінше, Кәмпескелеу табиғи ортаға бейімделген дәстүрлі мал шаруашылығының дамуын тежеп, оны қатты күйзеліске ұшыратты. Алайда Кеңес өкіметі Қазақстандағы ірі байларды саясатының сәтсіздіктерінен дұрыс қорытынды жасай алмады. Кәмпескелеу науқанында қолданылған зорлық-зомбылық әдістері, күштеу саясаты, одан кейінгі шаруашылықтық-саяси науқандарға – күшпен ұжымдастыру, кулактарды тап ретінде жою, көшпелілерді зорлап отырықшыландыру шаралары кезінде одан әрі қатыгездік сипат алды. Бұл саясат Шет ауданында толық күшімен жүрді. Халық арасында орта және ауқатты адамдардың малын тартып алу саясаты үлкен өрескелдікпен жүрді. 1928 жылы басталған тәркілеу 1930 жылдар жалғасын тапты. Бұл құжаттар Шет аудандық мемлекеттік архивінде жасырын деген бұрыштама сақталып келді. Құжаттардың басым бөлігі араб қаріптерімен жазылғандықтан бұл құжаттар ашылмады. Архив басшысы Мұқыш Көмектің қолдауымен, аудармашы Касенов Айдаржанның табандылығымен осы құжаттар аударылды. Осы құжаттарды сол нақты күйінде ұсынып отырмыз

Шет аудандық партия бақылаушысына көшірмесі аудандық партия комитетінің жауапты хатшысы ж.Байбоқышұлына. мәлімет үшін.

Мәлімдеме

Жоғарғы Заң комиссариатының беріп отырған деректері және Заң бойынша да, саяси бөліммен прокурор арасында байланыс күшті болып, олардың қаулы-қарарлары уақытында прокурор мекемесіне берілетін тұтқын адамдары болсын, басқа іс жөнінен болсын қарастырып отыруды міндеттейді. Айыпталуға лайықты, жұмысы жоқ адамдарды тұтқынға ұстамауды тапсырады. Бұл жөнінде саяси бөлімі тұтқындау қаулы не басқа түрлі қаулыдан осы уақытқа дейін бір қаулы жіберген емес. Оның орынына біздің тұтқынға жіберген адамдарымызды «Бізде жұмыс бар» деп жолдас Жәмелұлы босатып жібереді.

Мысалы 13-інші ауылдағы жуан негізгі бай Жұмақас Дүйсенбайұлын милициялар тұтқынға әкелгенде «Бізде жұмыс бар»-деп қоя берген. Және 9 ауыл адамы Ақылбек Аманбекұлын «мен өзім сотқа айтып 9-ыншы ауылдағы ауыл кеңесімен уәкіл Уәлиұлының мәлімдеуімен тұтқынға жіберткенде оны да босатып жіберген. Осы сияқты істерге келісіп, келешекте байланысты күшейтіп, материалсыз адамды ұзақ уақыт, сұраусыз жауап қоймау шарасын істеуге кейінгі келген саяси бөлімнің бастығы Ерусәлімұлымен сөйлесуге барып, сол жерде Жәмелұлына, біздің жіберген тұтқын адамдарымызды шығарып жіберуі бізбен үйлеспей, дұрыс емес екендігін айтқанда Жәмелұлы – Айқайлама, сенің айқайлағаныңды білем. Ауданның барлық қызметкерін біздің кісілер алып кеткен соң айқайлап отырсың және Ақылбекұлын Саурықбайұлының тілімен жауып отырсыңдар – деп менің ақырын сөзімді айқай есебіне алып, біздің істемеген істерімізді біреу үшін айтылған сөзге есептеп Жәмелұлының айтуына қарағанда бізді істеген айыптарымен кеткен қызметкерлері саяси бөлімі жіберді. Солардың жоғын жоқтап жүр дегенге келтіргені саяси мекеменің қызметкері

бола тұра, түзу сөзге теріс ұғыс беріп, адамның басына жабысқандық қой деп сіздерге мәлімет үшін білдіремін.

Қызметкерлерді тұтқындап әкеліп отырған кеңес адамы. Олардың жақсы-жаманын тексеретінін менде жақсы білемін.

Саяси бөлімнен қаулы келмегендігінен милициядан сұрағанда саяси бөлімнің кісісі деген сөзбен көп уақыт материалсыз жатып қалған бірнеше адам зерттеумен табылып, тұтқыннан босатылып отыр[1].

Білдіруші: қолы 25/IX – 31ж.

25/IX – 31г. №29

Қуанышбайұлына

Мынаны жолынан қалдырма. Семьясымен жер ауады. Маған сен бақылушы емессің. Көп қыртылдатқан өзіңе сор. 1-інші октябрде жүреді.

Жәмелұлы

Шет аудандық партия комитетіне 9-ыншы ауыл кеңес ағасы Қуанышбайұлынан

Өтініш

Шет ауданының сан 9-ыншы ауыл азаматы атақты бай Шоқыжан деген Қарқарылыда жер аууға кесім болып, бірнеше күн тұтқында болып, тұтқыннан босанып жер аууға ұйғарып 9-ыншы ауылға 16-ыншы сентябрде келді. Келгеннен кейін мен мойындағы кімет алым салығы 500 сом бар еді, соны сұрадым. Және жасырған 2 жақсы басқұр, кермеуйдің бауы, бір барқыт жаңа шапан және бір бәтенке. Осы нәрселерін тауып алып мойынындағы борыш осы үш осы нәрселерді сатып, өзіңнің жер ауатын жеріңе жүре бер дедім. Бұл туралы атқару комитетіне де білдірдім. Ол бай Шоқыжан әкесінің атын білмеймін бір түні саяси бөліміне барып «Мені ұстап отыр»-деп Жәмелұлына айтады. Жәмелұлы маған қағаз жазады. «Мені бақылушы сен емессің, қыртылдатқаның өзіңе сор. Мына адамды қоя бер»-деп. Мен ол байды ұстағаным жоқ. Үкімет борышын өте дедім. Жәмелұлы сол байдың қолына мені боқтап, ашу шақырған қағаз жіберіп, бай мені масқаралап Жәмелұлының қағазына сүйеніп көпшілік алдында боқтап саяси бөлімге жазамын деп отыр. Жазады. Бізге тәрбие беретін аудандық орындар байларға болысып, маған боқтап, байдың қолына қағаз жазып беруі партияның ұлы жолына жатпайтын масқара істер. Саяси бөлім адамдары жұтып, біздің ауылдағы байларды күресімізге қарсы болса енді біз кіммен қосылып қызмет етеміз. Менің өз ойым жолдас деп ойлаймын. Себебі ашықтан-ашық бер демейді. Түсіріп қолына қағаз жазып беру. Сол қағаз байдың мені боқтауы Жәмелұлының жазған қағазын қоса жібердім. Оқып көріңіз. Бұл туралы тиісті шара беруіңізді сұраймын.

Қуанышбайұлы 29/IX – 1931жыл.

30/VIII – 31ж. Аупартком бюросына көшірме.

№39. Мойынқұм бөліміндегі істеліп жатқан жұмысының бұрынғы ақпардан соңғысы

I. Жалпы бұл 5 әкім ауылының шаруашылық түрі ретінде Шу ауданынан алынған мәліметіміз 1930 жылғы әрбір әкімшілік ауылдың жалпы халқы мал шаруашылығы. Ал түрлі өткен уақтағы саяси шаруашылық науқандар жайында толық мағлұмат ала-алмадық, Шу ауданы бұрынғы осы ауданнан қосылған, Мойынқұм өзінше аудан кезіндегі біздің 5 әкім ауылда – ерекше тоқсанда жүргізген көрінеді. Бірақ та осы мәліметтерді айырықша тиянақты мінездемесін ала-алмағандықтан әрбір ауыл ішінде шаруалардың қолындағы дәлелді қағаздарын тексеруге тура келеді. Бұл жұмысты қолға алу ісін бізде 28-июлден бастап кіріседі. Себебі: Мал, қаржы басқа да барлық науқандарға жаңада кірісіп жатырмыз. Мұның кеш басталуы бірінші жалпы халықтың толық шауашылық есебі керек болды. Екіншіден халықтың қараңғылығы алдын-ала үгіт жұмысын көбірек тілейтін жағдай туғызды.

Сонымен 1931 жылғы ауыл шауашылық есеп науқанына июлдің 10-нан бастап 26 июль күні ауылдық уәкілдердің қатынасымен қортындысы тыңдалды. Бұл науқанда ауыл арасындағы кедергілер.

I. Қай ауылды алса да өткен жылғы мал есебінің биылғы жыл дәлелсіз құрып кетуі.

II. Жабайы шаруалар арасында есепке малын толық жазбаушылық екі үш күннен соң қайтадан қостыруы. осы сияқтыдан жұмыс қайтадан қайта-қайта істелуі.

III. Бұрынғы «16» қазіргі 18 ауылдың жүрген Бетпақдала шөлінде қысы-жазы көшпелі хайуан мал сияқты жүретін халқы осы есеп науқанының кезінде ауылдағы бай, атқа мінер

ақсақалдардың сөзіне еріп қолындағы малдарын есептен жасырып қалып, сойып алушылық, сатушылық, бұл жұмыстар ауыл белсенділері арқылы атылып, тиісті шарасы істеліп жатыр.

Қазіргі уақытта бұл 18-інші ауылдың халқы бір жерге жиналып, көпшілік үгіт жұмысы жайында жаңды қатынасы жағы күшейіп жатыр. Қай ауылды алсаң да үкімет басшылық-бақылауы болмағандықтан бітіріп кеткен және халықтың көбі еңбекпен байланысты болғандықтан шойын жол бойына сексеуіл трест жұмысына тарап, одан қалғаны бетбақ сардаласы Шу өзені, Жамбыл, Май жаобылған деген тауларда екі үйден көшіп-қонып жүрушілік. Осылардың бас қосуы біраз уақыт өткізді.

IV. Бұрынғы 2 қазіргі 22 ауылдың ішіндегі бай ру басы ақсақалдардың ел ішіндегі қараңғылық надандықты пайдаланып, Арғын, Жалайыр деген руға бөлініп Шет ауданына қарамаймыз деп, қой сойып қолын қанға батырып, ру басыларына серт беруі, ізденіс қыламыз деп елден қаржы, біздің келе жатқан хабарымызды ести сала алдын-ала істеген істері.

Бұл жұмыс жөнінде істелініп жатқан шаралар:

Біріншіден еңбекшілер арасында үгіт жұмысын күшейтіп ру басыларына қарсы қою болса, екінші жағынан түрлі заң орыны арқылы анықтама жұмысы жүргізіліп жатыр. Кейінгі хабарларда бұл жұмыстың қортындысын жібереміз.

V. Ауылдардағы кеңес жұмысын басқарып сайлап келген адамдар, жастан ру ықпалымен құрылғандықтарынан. Ауыл мен үкіметтің арасын алыстатушылық. Кейінгі уақыттағы есеп науқанының жұмысынан көрінді. Мысалы: Кейбір ауылдық кеңестер шаруалардың орынсыз жұмсаған малдары ретінде ауызына сөз салып, өтірік дәлелдеу, қайсы болса да ауылдық кеңестер шауалардың орынсыз жұмсаған малдарын өлді қылып, акт жасап, міне осы сияқты іс жүзінде кездескен жұмыстар болды. Осы жағдайлардың барысы ауылда шыққан уәкілдер арқылы ашылған мәселелер болғандықтан кең мәжілісі шақырылып, белсенділердің қатынасымен бұрыс ауылдық кеңес ағалары, хатшылары орынынан алынып, кейбіреулері сотқа берілді. Бұлардың орынына ауылдағы коммунист жабайы белсенділер әзірше белгіленіп, қызмет істеп жатыр. Бурақ қолдары аткомға жіберілген хабарсыз. Ал енді жалпы елдің бұрын болған жағдайын мінездеме ретінде қорыта келе, кейінгі ақпардан толық жібереміз. Жалпы жағдаймен санаса қышалықтарды іс жүзінде жою қамына кірісумен қатар, түрлі даярлық науқандары ретінде қай жұмыс болсын.

№43. Шет аудандық мал шарушылық одағына көшірме аупартком бюросына! №43 1931 жыл 10/VIII.

18,19,20,21,22-інші ауылдардан

1-інші. Мал дайындаудың бірінші беті:

29-ыншы июлден бастап әкім ауылдарға уәкілдер шығып, ауыл-ауылға берілген плнадар жергілікті орында талқыланып қабыл алынды. Мұнан шаруашылық ауылдарда қаралып, 3-августен бастап малды ала бастадық.

II Мұндағы болған кемшіліктер.

1) Ең үлкен кемшіліктердің бірі малды дұрыстап алатын кірдің жоқ болғандығы. Болса қайта-қайта түзетіп кедергі болғандығы

2) Малды тиісті түріне, семіз-арық сорттап бөліп отыратын маманның жоқтығы.

3) Қазіргі мезгілде күн ыстық, суы жылы, бұл жөнінде індет, ауру мал бола қалған күнде дәрігердің жоқтығы

4) Есеп-қисап істеп отыратын адамның жоқтығы.

5) Бұл малды алу жөнінде түрлі мөр басылған ордер қағаздың жоқтығы. Қысқасы болған кемшілікті бастан айта келіп, малды айдату ретінде мына қиындықтар кездесіп отыр:

1) Мұндай үлкен қиыншылық мынау: Біздің тұрған Сары бұлақтан Ақсу 500 шақырым болса, мұның жолында шөп, су аз деп атайды. Және басқарып жүргізетін кісінің жоқтығы. Осының бәрін ала келіп, бірнеше реттен қосық бөлдік. Қос басы 500 тұяқ малдан бердік. Мұнан көп мал айдатуға жердің жағдайы, судың тапшылығы, күннің ыстығы көтермеді. Және мал ылығы астау қауғамен күн көретін болғандықтан. Бұл қос басы – адамнан, мұның жауапты Гуртоп бастығы бір кісі. Ал мұнан қостың басы көбейіп адамды көп керек қылады. Бұл жөнінде дам жетпейді. Үйткені шаруаның көбі шөп, егінге айналысқандықтан. Ал мұнан жұмсалып отырған еңбек ақылары: Барлық малды басқару ісі

бір адам айы. 120 сом, көмекшіге 90 сом. Бұлар жалпы малдың апатқа ұшырамауына, малды түзеп жүргізуін жауапты болып бекілді. Бақташы мал айдаушыларға айлық ақысы 50 сомнан, мұның бірі жауапты Гуртоп бастығы: айлық ақысы 55 сомнан. Малды алу үшін, бардан-жоқтан құрастырып, хат білетін, шала сауаттысы бар. Екі приемшының алатын айлық ақысы 100 сомнан.

Ескерту: қазіргі қаржы жинаудан түскен ақшалардан алып, осы жоғарыдағылардың еңбек ақыларының жарымын беріп отырмыз. Үйткені мал айдаушылардың жағдайы солай болғандықтан. Мұнымен қатар күдеме мал бағушы, ұстаушы тағы басқа күндеме қызмет етушілерге сөткесін 1 сом 50 тиыннан беріп отырмыз. Қысқасынан айтқанда жоғарыдағы қаражатты ақшаны жұмсау жердің шалғай жатқандығы. Шөлдегі су, судың жоқтығы болып отыр. Осының бәрін айта келгенде, малдың 10 күндік мәліметін жіберіп отырмыз. Бұл малды алды 8 август күні Сарыбұлақтан шықты. 20 август күні Шұнаққа жетпек. Қостың арасынан бір күннен аралтып жіберіп отырмыз.

Сондықтан сіздерден сұралады. Бұл Шудың малында семізі жоқ. Күн ыстық, шыбын жеген ылығы көк бақа мал. Бұл малдың алдынан адам жіберіп сол адамның басшылығы арқасында мал жайлау үшін Шұнаққа алды-артын жиып түгендеп, тынықтыруға шара істеулеріңізді сұраймын. Бұл науқанның біту қарқыны августте бітуіне сенім зор [2].

Комиссия ағасы: Бектасұлы

Аудандық мал союз уәкілі Ү. Әбжалелұлы

Дұрыс көшірілді.

Жоғарыдағы көшірмедегі қолды дұрыс екенін растаймын.

Аупартком жалпы бөлім бастығы: Алпыс қызы???

Арасындағы 40,41,42 номерлі хаттамалар жоқ (Қасенов А.Б)

Стр 17.

Аса құпия. Саяси бөлімге.

№839 6-ыншы ауыл кеңесінен

Ақа!

Мынау Өкен деген азамат 1925-інші жылдан ... жылға дейін әскери адамы болып қалған. Уақытында Оралдағы Рабфакта оқып жүр екен. Өзі ... малайы состав орынды. Ал бізге тәуір наш.мел керек қой. Осы адам өзі тартып көрген көрінеді. Сіз өзімен сөйлесіңіз. Өзге партиный, бала-женасын қарастырып ..... сонан-соң бәрімізге істеген милиция начальнигінің алдына бекітіп беру сұрап мәселе қоямыз. Сіз пікіріңізді айтыңыз.

Жәмелұлы 14/VIII – 1930ж.

7-ші беттің жалғасы арабша басқа шрифтімен жазылған 37 стр басталады.

VI – Ауылдардағы кеңес жұмысы басқарып сайланып келген адамдар. Бастан ру ықпалымен құрылғандықтан ауыл мен үкіметтің арасын алыстатушылық. Кейінгі уақыттағы есеп науқанына жұмысынан көрінеді. Мысалы кейбір кеңес шаруаларының орынсыз жұмсаған малдары ретінде аузына сөз салып отырған, дәлелдейтін қайсысы болса да ауылдық кеңестер, шаруалардың орынсыз жұмсаған малдарын өлді қылып акт жасаушылық. Осы жағдайлардың бәрін ауылда шыққан уәкілдер арқылы ашылған мәселелер болғандықтан кең мәжіліс шақырылып белсенділердің қатынасымен бұрынғы ауылдың кеңес ағалары, хатшылары орынынан алынып, кейбіреулері сотқа берілді. Солардың орынына ауылдағы коммунист жабайы белсенділер әзірше белгіленіп қызмет істеп жатыр. Протоколдері жіберілген, танысыңыз.

Ал енді елде жалпы бұрынғы болған жағдайы мінездеме ретінде қорыта келе кейінгі ақпарда толық жібереміз. Жалпы жағдаймен санаса қышпақтарды іс жүзінде жөн қамыта кірісумен қатар, түрлі даярлық науқандары ретінде қай жұмысқа болсын бірсыпыра жоспар істеліп әрбір ауылдарға уәкілдер шығарылды. Жоспар осыған қосақтаулы. Мал дайындауға қаржының тағы басқаларына кемшілік жері болса байқармыз.

Ескерту: Мал дайындау жоспары шамамен істелген 1931 жылдың есеп қортындысына сүйене отырып, малдың қай түрімен болсын, жылқы мен түйеден басқасының 50%-ына істелінді. Мұның ішінен бақылауға 35% есептелінді. Екінші жағынан ауылдарға шыққан уәкілдерге тапсырма да көрсеттік. Байлардан алды шаруаларға міндетті жоспар еңбекшілер жиылысында бергізбеуді.

А) Қаржы ретінде ескі борыштан көшіп, басқа жаққа кеткендері болмаса тұрғылықты шаруаларден тексеріс келгенде жоқтың қасы болды. Бәрін жинап алды. Кейінгі өзімізбен келген жоспарды қаржының түр-түріне бөліп әрбір ауылға жоспарлап іске кірісіп жатыр.

Б) Тері-терсек, қыл-қыбыр жинау ретінде ауылдарға жоспар істелініп берілгенмен, сол жұмысты тиянақтап отыратын маман жағына ақсаулымыз.

Қысқасын айтқанда өлшеп алатын кір жоқ. Сортқа апара білетін адам кем. Жалғыз бұл емес шаруашылық орынның жұмысы ретінде қай жағынан болсын жұмыста кемшілік болатын осы ретінде шаруашылық орындарына жоя береміз. Май жинайтын ыдыс сияқтыларда жоқ, мал өлшейтін кірде жоқ.

Г) Күнделікті істің тәжірибесіне сүйене отыра 28-інші сентябрге дейін істелінген қысқаша жоспар жіберіліп тапсырылсын. Жоспардың ішінде қысқа сроқты көрсін, кеңес жұмысын. Ауыл кеңес хатшылары туралы көрсеттік.

Д) Жалпы бұл ауылдың келешегі, бағыты, социалды шаруашылыққа көшу ретінде жер жағдайы қоныстану жағына өте қолайсыз көрінеді. Алыс-ақ.

Жоғарыда айтып өткен 18-інші ауыл ешбір мекенді қонысы жоқ. Егістіктен ат-тоны аман. Осыларды Шеттен 16-ыншы ауылына қарай босып жатқан Шұнақ тауы деген жерлерге көшірсек қалай дейсіздер?

Ал шаруалардың көпшілігі кедейлер жағы өндіріс кәсіп болғандықтан Балқаш теңізі жағынан құлақ-қағыс қылады. Басқа ауылдарда осы сияқты тілектер бар.

Ж) Коператив, мал, шаруашылық, шикізат дайындықты орындардың ауылда жүргізілетін құрлыс жұмыстары ретінде істелінген әрбір ауылдың жоспарынан көшірмесін, сол орындардың өзіне жіберілді, алдырып тыңдарсыз.

Сол елдің егістік жағы, қай әкімауылды алсаң да, бір үйі бір гектар егіс салғанын сирек көресің. Қадақтап-абақтап салған егіннің азды-көбі төрт жағы. Соның өзін кейінгі есеп науқанында тексере отырып басын жинадық. Мысалы алсақ: 5-әкім ауылының бидайы 124-га, тарысы 186, сұлы 18 га = Бірақ бұлар былтырғы жылы үкімет тарапынан тұқым алмаған. Жалпы алғанда азды-көпті салған егістіктері су суарылғаншылығы жақсы.

Есеп науқаны кезіндегі жарыққа шығарылған айлардың материалы аудандық салық комиссиясына жіберілді. Сіздерге осы уақытқа дейін бір почта алғанымыз жоқ. Бұдан былай почтаны жиі жіберіп тұрармыз. Жұмыстағы кемшілік жерін көрсетіп отырамыз.

Комиссия ағасы: Бектасұлы

Мүшелері: Әбдрахманұлы

Айдарұлы

18/IV/1931

Стр:30,31,32. Жасырын

Барлық партия ұяларының ж.хатшыларына!

Ұяға.

Қазіргі шаруашылық майданы социалдық шаруа құрылысының қарқынын күшейтіп, 5 жылдықты 4 жылда орындау ісіне сәйкестеліп отырған түрлі саяси науқанда. Соның бір негізі осы ет жөнелту, мал дайындау науқаны байланысты болып отырғандығы. Күллі партия ұяларына бұл жөніндегі міндеттеріне сай істейтін істері жайында өлкелік партия комитетінің тапсырмалары, аудандық партия комитетінде талқыланып, төменгі ұяларға бірнеше рет жіберілген, онымен қатар осы жолда кездескен оңшылдық, солшылдық ақпарларды да кезінде қарастырып тиісті шарасын істеумен бірге, ауыл жерінде сол мәселелерге тезінен кірісіп жоюды аупартком о/ж февраль айының 22-дегі 174 санмен жіберілген жасырын хаттары жолданған. Бірақта төменгі партия ұялары бұларды партия жұртшылығымен қарап, ауыл батрақ, кедейдің көмегін алып мұны іс жүзінде орындауға келісіп істеген ісінен ақпар бермей, солғын қарап отырғандығы байқалады. Соның салдарынан, бай-құлақтардың қарсылығы күшейіп, оған қарсы күрес жұмысын нығайта алмай отырғандығы айқындалады.

Дәлелмен айтқанда мыналар:

1) Бай-қулақтарға мал дайындауда берген жоспардан мүйізді малдан 13% ғана орындалған. Бұл туралы өлкелік партия комитетімен, аудандық партия комитетінің бай-қулақтарға берген міндеттемелер 10/II-1931ж-нан қалмасын деген мықты міндеттемелері, партия ұялары еске алмай отырғандығы жоғарғылардан айқындалады.

2) Бай-кулактар социалдық құрлыққа көрнеу қарсылық жасап, малдарын тығып, жарыққа шығармай, жоспарды көрнеу орындамай, онсыз бұл жөнінде бұрынғы жасырын хатта да көрсетілген. Кейбір жерлерде көрнеу оңшылдыққа салынып «Байлар малын жарыққа шығаруға шабан қарап, шабуылды босақсытып отырғандар да жоқ емес. 3, 10, 15 ауылдарда кейбір коммунистер жарыққа шығару орынына, байлардың малдарын өздері тығып көрсеткендер де бар.

4, 15, 12 ауылдарда:

3) Байлардың қарсыласа ауыл батрак, кедейлерін ұйымдастырып шабуылды күшейтті деген партия комитетінің әлденеше рет жазған нұсқау, қаулылары іс жүзінде әлі де орын алған жоқ.

4) Кейбір жерлерде оңшылдықтан аттап өтіп, солшылдық бетке аударылғандар «байда мал жоқ»-деп кедей, орташаға жоспардың салмағын аудару. Колхоздың құр малын заготовкіге бергендік. Орташаларды жеке салыққа тартып қолма-қол байлар қатарында жоспар беру.

3-2-1-5 ауылдар:

5) 13 ауыл уәкілі Жақан Шекенұлы қоздаған қойдың қозысын бауыздатып заготовкіге беруге қысым жасау.

Осылайша партия жұртшылығы қарсы мәселелерді партия ұяларымыз көзімен көріп отырып, ешбір шара жасамай қарап отырғандығы қазіргі социалдық құрлықтың қарқынымен саяси науқанағы іске саяси мән беріп, партия деректерін орындалмағандығын дәлелдейді. Осы қолайсыз мәселелер партия комитетінің бұрында бюросында бірнеше мәртеге қаралып, тиісті шаралар істеліп келеді. Ақырғы рет март айының 4-і күнгі жабық мәжілісінде шешілген бұл сияқты қауіпті ағым оңшылдық солшылдықпен күресу туралы қаулы алынып отыр. Бұрынғы жазылған 174 санды жасырын хатта қосымша орындау ретінде төмендегі істер тапсырылып, орындалысын істеп, партия комитеті ақырғы рет бір жетілік мәлімет күтеді.

1) Бай-кулактардың тығынды малдарын тезінен жарыққа шығарып, жоспарды орындатуға ат салысындар. Бұл туралы бұрынғы жазылған 174 санды нұсқау хатты қолданумен партия комитетінің қаулысына сүйеніндер.

2) Орындалмай отырған бай-кулактарға кеңес арқылы үлгілі сот жасатып, слд мәселенің тездікпен шешілуіне қызу қарқын беріңіздер. Ауыл батырақ-кедейлерін ұйымдастырып, олардың арасына түсіндіру мәселесін ұлғайтумен қатар, байлардың тығындысын табуға жасырын бәсекеге шақыртып, тығынды тапқан батырақ кедейлерге белсенділерге тығын малынан мынандай сый берілетіндігін сол сағатында ұғындырындар. Табылған мал мына ретке бөлінетінін айтындар. 50% колхоз қорына 35% халық бюджетке 15% табушы адамға сый ретінде. Ақшадай, астықтай тауардай беріледі.

3) Кейбір жерлерде кедей, орташалардың анығында сатып алған малы болса, ондайларды тығынды деп алып, жаза беруден қатты сақ болыңыздар. Аудандық партия комитетіменөлкелік партия комитетінің бай-кулактардың істейтін жоспары 10/II-31 жылдан қалмасын деген тапсырмасын орындауретінде байларға шабуылды күшейтіп, олардың тығынды малдарын табуға партия ауданмен ауыл батырақ, кедейлері жұртшылығын ұйымдастырындар. Сөйтіп барып жоспарды ақырғы рет орындауға тығыз шара қолданындар.

4) Науқанды оңшылдық, солшылдық бетке аударылып, партия, үкімет дерегін бұрмалаған жоғарыда көрсетілген жағдайдағы жұмыстарды партия ұясында талқылап, дәлелді табылғандарын тиісті шараларын істеп аудандық партия комитетіне жолдаңдар.

5) Алдымызда өткізілген дайындық малдан басқа шарт малы, жүн шарты, сүт шарты осыларды партия басшылығымен дұрыс жолға қойып, бай-кулактарға тығыз жоспар беріндер. Сол туралы алынған қаулы-қарарлардың кезінде орындалған бетін қатты бақылап, бұрмаландыру істерге жол бермеңдер.

6) Істелініп жатқан істің ақпарынан бір жетілік ақпар беріп отыруды тәртіпке қойындар.

Айтылған тапсырмалар аудандық партия комитетінің шешімді қаулыларында болған. Сондықтан орындау жұмысын барлық партия ұяларының жауапты хатшыларына

міндеттендіріп, ақырғы рет партия комитеті осы жұмыстарды партия жұртшылығымен бөлшебектік бетпен орындап шығады деп сендерге сенеді.

Шет аудандық партия комитеті хатшысы:

Науқан бөлімінің меңгерушісі:

Істі жүргізуші:

Барлық ұяларға көшірмесі жіберілді: 243 санымен

Өте жасырын. №300 9.IV-1931ж.

Барлық ауылдық партия ұяларының жауапты хатшыларына, көшірмесі партия жіктеріне, мал даярлау орындарына.

Қазірдегі ауылдардан ауданға ет одағынан түсіп отырған мал даярлау жұмыстарының мағлұматтарына қарағанда социалдық сегіз колхоздардан ұйымдаспаған кедей, орташалардан өз-өздерін міндеттеумен бірге мал даярлау жоспары болмаса, шарт жасаудың бақылау цифрлары 100% орындалмаса да 80-90%-ы орындалып отыр.

Бұл жағдай аудан партия ұяларының, кеңес орындарының аздап болса да шаруалары социалдық құрлысқа басқара біліп, мал шаруашылығын социалдық түрмен қайта құруға жол ашып, мал даярлау жұмысына көпшіліктің пікірлерін аздап болса да ұйымдастырғаны елде білінеді. Бірақ та осындайлық жетіскенді жұмысымыз бар деп қуануға келмейді. Үйткені ұйымдасқан, ұйымдаспаған шаруаларымыз өздерінің белсенділігінен барлау жұмысына кіріскендігінің арқасында іс жүзінде өздерінің жоспарларының орындап шығудағы ауыл енбекшілерінің осы сияқты белсенділерін пайдаланып бай-кулактар тарапына шабуылға көшу. Оларға берілген міндетті жоспарларды уақытында орындатып шығу, кедейлер мен орташалардың одағын нығайта отырып, тығынды байдың малын жарыққа шығарып оларға нық жоспарлар беру жұмыстарын ауылдағы партия ұяларымен, кеңес орындары және де уәкілдер жоспары жоқтың қасында кейбір жерлерде 2-6 санды партия ұяларының жауапты хатшылары, «ауылда бай жоқ» деген қисын шығарып, ашықтан-ашық оңшылдық танытып келген мал даярлау жұмысына бір қатар кедейлер жасап келгені, осындайлық оңбағандық мінездерден жеке коммунистердің құтылмайтындығы аудандық партия комитетінің бұл жөніндегі қаулыларының әлі де болса өмір жүзіне асырмағандығы дәлелді. Осылармен қатар өлкелік партия комитетінің толық жиылысының қала берді күнделік қаулыларында партия ұяларының орындап отырғандығы шамалы [3].

II бай-кулактар туралы.

Бұл ауылда 7 жекеше бар екен. Бұлардың дәл малдарының есебіне тоқталуға мүмкіндік болған жоқ. Басқа себеппен. Сондықтан шаруа салығына жазылған малының негізі бойынша 15 қой, 15 жылқы, 3 сиыр міндетті жоспар берілген екен. Бұдан орындағандары қой, жылқы, сиыр. Жылқы-1. Қазір орындалмай отырған 15 қой, 3 сиыр, 14 жылқы. Орындамай отырған байлар тегіс көпшілік қаулысымен сотқа беруге кеңеске нұсқау етіліп, мәлімет 29/XI-ге өз беттерімен беруге тапсырдым.

III-Бұл ауылда әзір колхоз жоқ. Барлығы да серіктік екен. Жалына-малына мүшеленеді. Бұл екі ауылдың мәліметі осы. Осы жылдың 28/XI кеттім. 30/XI күні ауданға жаздым. Барлық орындалған жоспар, байларды қосқанда 3 ауылда 72%, сиыр 52,6%, жылқы негізі заготовка 74% жергілікті қызметкерлері қамсыздандыру жайындағы жылқы қосқанда 50%..

Екінші ауылда қой 53,2%, сиыр 66,7%, жылқы 21%.

Ерекше уәкілі қолы.

1930 ж. – 28/XI. Күндізгі сағат 2-де. 2-інші ауылдан.

#### Әдебиет тізімі:

1. Шет аудандық мемлекеттік архиві. Қор 109 п, тізім 2, сақтау бірлігі 3. Шетский районный комитет. Карагандинской обл. о.Аксу. Директивные указания РКПП/б/л (на арабском шр). Начато: 3/I-1931. окончено 3/XIII – 1931г.г. на 96 листах
2. Бұл да сонда 17 б.
3. Бұл да сонда 29 б.